

Х.Х. Таджиев¹, Н.Д. Хасанов²

¹М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, Қазақстан, Шымкент қ.

²Ұлттық Ғылым Академиясының Өзбек тілі мен әдебиеті және фольклоры институты, Өзбекстан, Ташкент қ.

*e-mail: xamidulla_86@mail.ru

ӘЛІШЕР НАУАИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА «ӘРБӘҒИН» ӘДЕБИ ДӘСТҮРІ

Ежелгі дәуірлерден бастап шығыс халықтарының мәдениеті мен әдебиетіне ерекше әсер еткен Тұран өлкесі Еуразия құрлығындағы ең үлкен аймақтың бірі болды. Батыс Қытай мен Шығыс Еуропа елдерін байланыстырып отырған Ұлы Жібек Жолы бойындағы бұл өлкелер ғылымның түрлі салаларында шығыс өркениетінің қалыптасып дамуына ерекше әсер етті. Сондай салалардың бірі шығыс халықтарының әдебиеті екені сөзсіз. Дүниежүзілік әдебиет тарихында Шығыс халықтары әдебиеті классиктерінің шығармашылығын зерттеу қашанда маңызын жойған емес.

Шығыс халықтары өміріне тікелей әсер еткен, әдебиет тарихында классикалық көркем шығармаларымен, өнегелі мінез-құлқымен адамзатқа ізгілік жолында қызмет еткен тұлғалардың бірі Низамиддин Мір Әлішер Науаи болды. Ақын шығармашылығындағы әлі де терең зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі – түркі элитасының арасында ислам әдебиетінің қалыптасуындағы ақынның рөлі. Науаи 1481 жылы ұстазы Әбдірахман Жәмидің парсы тілінде жазған «Әрбәғин» жинағын аударды. Бұл әдебиетте жаңа дәстүрдің енуіне әкелді. Науаи шығармашылығындағы бұл ерекше құбылыс кейінгі ғасырлардағы әдеби дәстүрде де көрініс тапты. Мақалада бұл дәстүрдің ислами әдебиеттегі қалыптасу тарихын және оның Науаи шығармаларындағы өзіндік көріністерін анықтау, зерттеу негізгі мақсат ретінде қойылды.

Түйін сөздер: түркі халықтары, ислами әдебиет, Науаи, әрбәғин, дәстүр.

Kh.Kh. Tadzhiev^{1*}, N.D. Khasanov²

¹M. Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent

²Institute of Uzbek Language and Literature and Folklore of the National Academy of Sciences, Uzbekistan, Tashkent

*e-mail: xamidulla_86@mail.ru

Arbain literary tradition in the work of Alisher Navai

In the history of world literature, the study of the "classics of Oriental literature" has never lost its significance. Alisher Navai was one of the personalities who served humanity on the path of goodness in the history of the literature of the Turkic peoples with their artistic works and moral behavior. One of the topics in the work of Navai, which still requires deep research, is the role of the poet in the formation of Islamic literature among the Turkic elites. In 1481, Nauai translated into Turkish the collection "Arbagin", written in Persian by his teacher Abdirahman Jami. This led to the fact that a new tradition entered the literature of the Turkic peoples. This special phenomenon in the work of Navai was reflected in the "Arbagin" literary tradition of subsequent centuries. The article aims to identify and study the history of the formation of this tradition in Islamic literature and its peculiar manifestations in the works of Navai.

Key words: Turkic peoples, Islamic literature, Navai, arbain, tradition.

Х.Х. Таджиев^{1*}, Н.Д. Хасанов²

¹ Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г.Шымкент

²Институт узбекского языка, литературы и фольклора Национальной академии наук, Узбекистан, г.Ташкент

*e-mail: xamidulla_86@mail.ru

Литературная традиция «Арбагин» в творчестве Алишера Навои

Туран, издревле оказывавший особое влияние на культуру и литературу восточных народов, был одним из крупнейших регионов Евразийского континента. Эти регионы вдоль Великого Шелкового пути, соединяющие Западный Китай и Восточную Европу, оказали особое влияние

на развитие искусства и науки Востока. Несомненно, одним из таких направлений является литература коренных народов. В истории мировой литературы изучение «классиков восточной литературы» всегда сохраняет свою актуальность и значимость.

Алишер Навои был одним из выдающихся личностей в истории и литературе восточных народов, который своими художественными произведениями и нравственным поведением служил человечеству на пути добра. Одной из главных тем в творчестве Навои, требующей до сих пор глубокого исследования, является роль поэта в формировании исламской литературы среди народов Средней Азии. В 1481 году Навои перевел сборник «Арбаин», написанный на персидском языке его учителем Абдирахманом Джами. Это привело к тому, что в литературу вошла новая традиция. Данное явление в творчестве Навои отразилось в литературной традиции последующих столетий. В статье ставится задача выявить и изучить историю становления этой традиции в исламской литературе и ее своеобразные проявления в творчестве Навои.

Ключевые слова: Тюркские народы, исламская литература, Навои, арбаин, традиция.

Кіріспе

Түркі халықтарының әдебиет тарихында көркем шығармаларымен, өнегелі мінез-құлқымен адамзатқа ізгілік жолында қызмет еткен шайырлар көптеп кездеседі. Адамзаттың қайта өрлеу кезеңі деп аталған орта ғасыр және осы кезеңде әлемдік цивилизацияның дамуында ерекше орны бар Алтын Орда, Мәуереннаһр, Хорасан сынды алып мемлекеттердің түрлі аймақтарында туылып, әлемдік классикалық әдебиетке өзіндік орнымен кірген Фирдауси, Низами Гәнжәуи, Жами, Науаи сынды тұлғалар мұның айқын дәлелі. Ақындардың мұндай дәрежеге қол жеткізуі сөзсіз, Ислам цивилизациясымен тікелей байланысты.

Тарихқа назар аударсақ, ежелгі Тұран жері Исламдық танымның таралуына ықпал еткен Еуразия құрлығындағы ең үлкен аймақтың бірі болғанын көруге болады. Батыс Қытай мен Шығыс Еуропа елдерін байланыстырып отырған Ұлы Жібек Жолы бойындағы бұл өлкелер шариғат ғұламаларымен қатар қара қылды қақ жарған, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін төрт жол өлеңге сыйғызған шешендер мен көркем сөздің көсемдерін тәрбиелеп шығарды. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Яссауи хикметтері, Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы», Сүлеймен Бақырғанидің даналық сөздері күллі түркі жұртының дүниетанымына ерекше әсер етіп, Ислами әдебиеттің қалыптасуына негіз болды. Бұлай болуы заңды құбылыс. Өйткені, жоғарыда есімдері аталған түркі даналарының қай-қайсысы да Жаратушы тарапынан адамзатқа жіберілген Құран Кәрімді жүректеріне сіңірді, оны аса көркем үлгімен адамзатқа жеткізген Пайғамбарды (с.а.у) жолбасшы ете отырып, адамзатқа риясыз қызмет жасауға кірісті. Осы-

лайша, Алла елшісінің (с.а.у.) өнегелі өмірі мен қалдырған рухани мирасын өмірлік өнеге еткен, әр мұсылманның өмірлік қағидасына айналдыруды мақсат еткен бұл тұлғалар әлем әдебиеті тарихында «Шығыс әдебиетінің классиктері» немесе «Шығыс шайырлары» деген атпен танылып кетті. Сондай шайырлардың бірі, Низамиддин Мір Әлішер Науаи. Ақынның «Хамса», «Назм ул-жауаһир», «Хамсат ул-мутаһаййирин», «Мажалис ун-нафаис», «Мезан ул-аузан», «Хазайин ул-мәани», «Маһбубул-қулуб» сынды көптеген шығармалары әлемдік классикалық әдебиеттің төрінен орын алды. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы да Науаидың ақындық өнерін үлгі етіп, дәстүрін жалғастырса, Мұхтар Әуезов (Әуезов, 2014) Есмағамбет Ысмайылов (Ысмайылов, 1948), Рахманқұл Бердібай (Бердібай, 1970), Төрәлі Қыдыр (Қыдыр, 2021) сынды әдебиеттанушы ғалымдар өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректерді ұсынды. Ақын Несіпбек Айтов ақын ғазалдарын қазақ тіліне аударма жасап, жеке кітап етіп бастырды. Өйтсе де, Науаи шығармашылығында бүгінге дейін зерттелмеген тақырыптар баршылық. Солардың бірі, ақынның 1481 жылы жазған «Чихл хадис – Қырық хадис» немесе «Әрбәгин» деп аталған шығармасы. Шығарманың жазылу тарихы мен шығыс халықтары әдебиетіндегі орнын зерттеп қарастырудың ерекше мәні бар.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу мақаламызға тиісті деректерді қарастыруда зерттеу нысанына алынып отырған тақырыптың көкейкестілігіне және фактілердің алуандығына назар аударылды. Қарастырылып отырған тақырыптың негізгі қозғаушы фак-

торы және тақырыпқа қатысты деректі материалдардың ең негізгісі Орта ғасырда шығыс халықтарының өмір тарихына ерекше әсер еткен ақын, қоғам қайраткері Әлішер Науаидың әрбәғин дәстүрінде жазылған шығармаларын талдау, салыстырмалы, салғастырмалы, тарихи, типологиялық зерттеу әдістері негізге алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Адамзатқа Алла тарапынан жіберілген пайғамбарлар болмысынан ізгілік пен мейірімге ісімен де, сөзімен де барша жұртқа үлгі-өнеге бола білген, қоғамды ізгілікке шақырып, жамандықтан тыйған, айналасына тек адамгершілік қасиеттерді насихаттаған нағыз кемел тұлғалар болды. Олар өздері өмір сүрген заманда шынайылығымен танылып, адамзаттың ардақтысы ретінде кейінгі ұрпақ тарапынан тарихи, әдеби көркем шығармалардың негізгі кейіпкерлеріне айналды. Пайғамбарлар мен ұлы тұлғалар жайлы шығарма жазу орта ғасырлық ислами әдебиетте кеңінен қалыптасты. Тіпті, кейін келе бұл дәстүр ғылымда агиография жанрының қалыптасуына себеп болды.

Алла елшісінің мінез-құлқы, ерекше қасиеттері туралы мағлұматтардың қайнаркөзі – Құран Кәрім екендігін ескерсек, бұл қасиетті кітаптағы пайғамбар бейнесі кейінгі дәуірлерде ақындардың басты тақырыбына айналды. Әдеби шығармадағы пайғамбардың көркем бейнесі әдебиеттанудағы зерттелуге тиісті мәселе екендігі көріне бастады.

Құран Кәрімде өнегелі оқиғалар пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) үлгі ретінде жіберілгені белгілі. Осы өнегелі оқиғалар түркі халықтары әдебиеті тарихында әр кезеңдерде пайғамбарлар жайлы көптеген шығармалар жазылуына ұйытқы болып отырды. Әсіресе, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) мәулігінен басталатын, Алла елшісінің (с.а.у.) көркем мінездері жайлы толғайтын тақырыптарды ақындар жарыса отырып жырлаған. Кейбір ақындар Алла елшісінің өнегелі өмір жолын бастан-аяқ жырласа, енді бірі оның ғибратқа тола өмірінің бір сәтін өлең сөзбен өрнектеді. Тағы бірі пайғамбардың көркем мінезін мақтаса, енді бірі даналық сөзінің (хадисінің) аясында қалам тербеді. Яғни, пайғамбарлар болмысы Хақ дінді қабылдаған ақындардың көтерер басты тақырыбының біріне айналды.

Әли әл-Қируани өзінің «Пайғамбар мен әділетті төрт халифа заманында Исламды үгіттеген

шайырлар» атты зерттеуінде Әбубәкір, Омар, Оспан және Әли секілді төрт шадиардың да Пайғамбарға арнап жыр жолдарын жазғаны айтылған» (Жәңгірұлы, 2012: 6).

Ал шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі: «..Исламға дейінгі бәдәуи ақындары өз өлеңдерінде руы мен тайпаластарын мақтаумен ғана шектелсе, исламнан кейінгі кезеңдегі шайырлардың бір тобы жаңа дінді, Мұхаммадты мадақтап жырға қосты» (Дербісәлі, 1995: 47).

Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) деген ерекше ықылас пен махаббат түркі шайырларының шығармаларына арқау болғанын көреміз. Мысалы, «Құтты білік» шығармасын Жүсіп Баласағұн «Наһат» түрінде бастап, Алла елшісін (с.а.у.) ерекше дәріптесе, «Он сегіз мың ғаламға басшы болған Мұхаммед» деп жырлаған, «Түркістан пірі» Ахмет Ясауи:

Әйа, достлар, бү пәндімгә құлақ тұтғыл,
Ақыл ерсән Мұстафаның шәр'ін тұтғыл,
Үшбу йаңлық гүмраһ ишдін йирак кетгіл,
Йокса сәні шәйтән йаңлығ әлдәрләра (Ясауи, 2018:136).

Мағынасы: *«Әй, достар, бұл насихатыма құлағыңды тұр, ақылдымын десе, Мұхаммедтің (с.а.у.) шариғатын ұстан, білместікпен жасайтын істерден алысқа кет, әйтпесе сені шайтан сынды алдап кетеді»,* – деп хикметтері арқылы Алла елшісіне (с.а.у.) өзін үмбет санаған жарандарына Алла ризалығы үшін пайғамбар шариғатын ұстануын насихаттап, Алла елшісі үшін жанын пида етудің көркем үлгісін өзі көрсетіп берген.

Алла елшісінің (с.а.у.) өмірін хикметтері арқылы насихаттаған Хакім ата:

Екі жаһан сардары Мұхаммед Мұстафа,

Лаухул Махфуз үстінде жазылған ол бисмилла (Мирхалдаров, 2012: 106) – деп Пайғамбарға деген ыстық ықыласын көрсетіпті.

Осылай пайғамбар өмірін дәріптеп, қалам тербеген ақындар халықтың жүрегіне тез жетіп, ұзақ сақталуы үшін Пайғамбар (с.а.у.) сөздерін көркемдеп жеткізуді дәстүрге айналдыра бастады. Ондағы мақсат – Расул Алланың (с.а.у.) өнегелі өмірін адамзатқа үлгі етіп, Алла ризалығын табу, мәңгілік дүниеде Алла елшісімен бірге болу деген арманнан туған еді. Бірте-бірте мұндай мақсатпен Алла елшісін (с.а.у.) дәріптеуге зейін қойып, еңбек жазған ақындар көбейді.

Уақыт өте келе бұл тақырып нақтылана түскенін көру мүмкін. Кейбір ғалымдар мен

ақындар арасында Пайғамбардың қырық хадисін арнайы түрде бөліп алып, түсіндірме жазған немесе өлеңмен көркемдеген дәстүр қалыптасты. Имам Ғазалидің «Қудси қырық хадис», Имам Науаидің «Қырық хадис» секілді еңбектерін солардың мысалы ретінде атап өтуге болады. Ғалымдар пайғамбардың хадистерін қара сөзбен талдап жеткізсе, ақындар ел арасына өлең сөзбен өрнектеп таратты. Соның нәтижесінде Ислами әдебиетте «Әрбәғин» әдеби дәстүрі дүниеге келді.

«Әрбәғә» – араб тілінде қырық деген мағына бергенімен де, әдеби термин ретінде пайғамбардың қырық хадисін көркем сөзбен насихаттауды айтады (Қыдыр, 2016:45).

«Шығыстың белгілі әдеби зерттеулерінде алғаш «Әрбәғин» құрастыру дәстүрін бастаған ақын хижра жыл есебімен II ғасырларда өмір сүрген Мервтік ғалым Абдуллаһ ибн Мубарак екендігі алға тартылған. Кейінгі ғасырларда бұл дәстүр жалғасын тауып, араб, парсы және түрік ақындары мен ғалымдары өз тілдерінде «Әрбәғин» жазуды қолға алған. Ғылыми түрде әртүрлі тілдерде «Әрбәғин» жазған 100 ге жуық ақындардың аттары белгілі – дейді зерттеуші ғалым Мехмет Емре (Мехмет, 1994:10).

Әрбәғин дәстүрін түркі халықтары әдебиетінде жалғастырып, адамзаттың ізгілігі жолында аянбай қызмет жасаған тұлғалардың бірі, түркі халықтары ортақ пір тұтқан сөз зергері, Низамиддин Мір Әлішер Науаи (1441-1501) болатын.

Он бес жасында-ақ түркі және парсы тілдерінде еркін шығарма жаза алатын дарынды ақындығымен танылған тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылығы ізгілікке қызмет жасауға арналды. Өзіне Низами, Хорезми, Жами, Сайф Сараи сынды шығыс классиктерін үлгі еткен ғалымның халқына жасаған материалдық қызметтерін қоспағандағы шығармашылық тарихының өзі бір төбе. Ақынның «Ажам патшаларының тарихы» атты тарихи-өмірбаяндық шығармасы, шығыстың классикалық туындылары үлгісінде жариялаған «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті әлем», «Ескендір қабырғасы», «Фархад пен Шырын», «Ізгілердің таңдануы» атты бес дастаннан құралған «Хамса» кітабы, «Өлең өлшемі» атты әдеби-теориялық еңбегі, «Құстар тілі», «Көңілдердің сүйгені» атты философиялық еңбектері, «Екі тілдің таласы» лингвистикалық еңбектерімен қатар, түркі халықтары әдебиетінде ислами-әдеби шығармалардың жазылуына себеп болған «Пайғамбарлар

мен хакімдердің тарихы», «Мұсылмандық нұры», «Гауһарлар шоғыры» сынды көркем туындылары, Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.а.у.) сенімді жеткізушілер арқылы жеткен сахих хадистерді өлеңмен бейнелеген «Әрбәғин» жинағының орны ерекше.

Науаидың 1481 жылы ұстазы Әбдірахман Жами тарапынан парсы тілінде жырланған «Әрбәғин» жинағын түркі тілінде өлеңмен жазып шығуы, түркі халықтары әдебиетіне жана дәстүрдің кіріп келуіне себеп болды. Ақынның қоғамды ізгілікке шақыратын, ынсаппен әділетке үндейтін, Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерінен 40 хадисті түркі тілінде өлеңмен жазып шығуы түркі халықтары арасында сөз өнеріне ғашық жандардың Пайғамбарға деген, Аллаға деген махаббатын қозғау, күнәларының кешіріліп, Қиямет күнінде Алла тағаланың разылығына бөленуді мақсат еткені болса, ортағасырлық түркі шағатай классик әдебиетінде «Әрбәғин» жанрының қалыптасуына септігін тигізді (Тадзһийев, 2020:358).

Науаи араб, парсы тілдерін білмейтін түркі ұлыстары арасында Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерін түркі тілмен түсінікті болсын деген мақсатпен аударғанын жазады:

Фарсийданлар әйләбан идрак,
Арий ерді бу нафъдін өтрак.
Истәдимки бу халқ хәм бәри,
Болмағайлар бу нафъдин арий (Науаи, 1991: 8).

Мағынасы: *«Парсы тілін меңгергендер түсініп, мұның пайдасын көріп жүр. Мен де бұл халықтың (түркі халқының) бәрі түгел түсініп пайдасын көруін қаладым»,* – дейді ақын.

Түркі дүниесінде орта ғасырларда Науаи-мен қатар парсының Фузули, Әзербайжанның Хазини секілді шайырлары қырық хадисті өлең сөзге айналдырса, олармен замандас өмір сүрген Махмұт Кердері, Мұхаммед Шымыр би Алты Бармақ сынды ғалымдар пайғамбардың қырық өсиетін қара сөзбен түркі тілінде жазып шықты. Аталған прозалық туындыларда, көбінесе, пайғамбар хадистерінің аудармасымен бірге түсініктемесі де қатар беріледі. Тарихи деректерге сүйенсек, Хазірет Науаи өзі заманында мұндай шығармалардың жазылуына бастамашы болған. Сондай құнды еңбектердің бірі, Алты ғасырға жуық уақыт бойы түркі халықтарына Алла елшісінің (с.а.у.) өнегелі қасиеттерін жан-жақты танытқан «Дәләил нүбүүуә» немесе «Мағарижун нүбүүуа» шығармасы (Алты Бармақ, 2011:328).

Орта ғасырлық ислами әдебиеттің асыл үлгісі болып табылатын «Мағарижун нүбууа», яғни «Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері» атты еңбектің бір нұсқасы 1486 жылы Әлішер Науаидың ұсынысымен алдымен парсы тілінде жазылып, кейіннен автор тарапынан түркі тіліне аударылған.

Еңбектің авторы Мұхаммед ибн Мұхаммед Шымыр би Алты Бармақ туралы, оның тікелей ұрпағы болып келетін ғалым Зәріпбай Жұманұлының мәліметтеріне сүйенсек, Алты Бармақтың шын есімі – Мұхаммедәмин. Қырық жасына дейін Түркияның танымал медреселерінде тафсир, хадис, пайғамбарлар тарихы пәндерінен мүдәрристік (ұстаздық) қызмет жасаған ғалым, үлкен абырой мен құрметке ие болғаннан ел арасында «Мұын міскін» (Кішіпейілдікпен танылған) деген атаққа ие болыпты. Димашқ, Ирак, сынды мұсылман өлкелерінде қызметтер атқарып, бауыры Низамуддиннің шақыруымен Хишатқа келіп, өмірінің соңғы 25 жылында сонда өмір сүріпті. Науаи қайтыс болғаннан соң 1 жыл өтіп 1502 жылы дүниеден озған ғалымның Науаимен жақын қарым-қатынаста болғаны және Науаи «Мұхаммедтің пайғамбарлық дәлелдері» атты кітаптың жарыққа шығуына себеп болған бірден-бір тұлға болғандығы жайлы Зәріпбай Жұманұлы мынадай тарихи деректі келтіреді:

«Мұхаммедәмин 1477 жылы Хишатқа келе жатып Ауған жеріндегі «Ескендір қорғаны» деп аталатын асуда Хишат уәлаятының уәзірі Әлішер Науаимен кездеседі. Науаи Мұхаммедәминнің ілімін мойындап, оған «Әл-Фарахи» деп лақап ат береді. Және оның «Әл-Харауи» деген лақап аты да болған. Әлішер Науаи Мұхаммедәминнің аса ғалым адам екендігін аңғарып, Хишат медреселеріне ең үлкен ұстаз етіп тағайындайды және оның шығармашылық іспен айналысуына үлкен мүмкіндік жасайды. Сонда Мұхаммедәмин «Мағарижун-нүбууа» кітабын жазуға кіріседі. Хижа жыл есебі бойынша 892 жылы (миләди 1486 жылы) еңбекті аяқтайды. Науаи ол кітапты ең шебер хатшыларға көшіртіп, Хишат уәлаятының атақты суретшісі Камалиддин Бекзатқа тапсырады. Хаттат (каллиграф) кітап мұқабасы мен бірінші және соңғы беттеріне алтын суымен өрнектер салып, безендіреді. Сосын Науаи бұл шығарманы түрік тіліне аударуды мақұл көреді. Автор кітапты түрік тіліне аударып, Науаимен ақылдаса отырып, «Дәләил нүбууа» деп атайды. Кітаптың екі нұсқасы дайындалып, біреуін Әлішер Науаиға, екіншісін ұлы Темірбалтаға мұра етіп қалдырады» (Алты

Бармақ, 2011:328). Бұл деректерден көріп отырғанымыздай, ізгілікті таратуды мақсат еткен жан үшін оны жасаудың жолдары ашыла береді.

Поэзиямен жазылған «Әрбәғин» жанры жазылуы жағынан екіге бөлінеді. Тәржіма көп орынды алмайтындықтан да, шайырлар шығыс мұсылман әдебиетіндегі ең қысқа форма – рубаиды қолданса, пайғамбар хадисін түсініктерімен берген ақындар мәснәуи өлең құрылысына жүгінген (Қыдыр, 2016: 244).

Науаи де рубаи жанрымен қалам тербей отырып, Жаратушының әміріне құлақ түріп, ізгілік жолында өз замандастарымен жарысуға бел буғанын көреміз. Ақын Аллаһ елшісін (с.а.у.) қоғамға үлгі етіп, имандылық, тақуалық, көркем ахлақ, дүние мен ақырет, жәннат пен тозақ тақырыптарында жеткен сахих хадистерді көркем тілмен жеткізіп берді.

«Ізгілік – ақылымызбен ойлаған әртүрлі көркем амал, пайдалы іс және тек ізгілікті қамтитын түсінік. Жақсылық – адамзаттың сүйіп армандаған ізгі амалдары (Ұзақ vb. 2011: 290). Міне, осы ізгілік жолындағы адамгершіліктің ең жоғарғы сатысы «Кемел адам» болу десек, бұл сатыға қол жеткізу үшін иман мен ынсап, жұмсақтық пен кішіпейіл болу сынды қасиеттер қажет болары сөзсіз. Бұл қасиеттерді жалпылама түрде «хусни хулқ» немесе «көркем ахлақ» дейміз. Науаидың тұлғалық болмысын, шығармашылығын зерттеуге кіріскен ізденушінің қай-қайсысы болсын оның бойындағы көркем ахлақтың озық үлгісін байқаса, шығармалары арқылы сол нормаларды қоғамда насихаттағанын ұғып алады.

Науаи «Әрбәғин» шығармасы арқылы да жоғарыда айтылған көркем ахлақ нормаларын насихаттауды мақсат еткен дей аламыз. Шығарма құрылымдық, мазмұндық жағынан Алла елшісінің (с.а.у.) қоғамдағы көркем ахлақ нормаларын реттеуге қызмет ететін, Аллаға лайық құл болу, өзіне ұнағанды өзге адамдарға да ұсына алу, адаммен адам және адаммен Аллаһ арасындағы аманат мәселесі, кәміл мұсылман болу шарттары, шүкір ету, үнемі Хақ тағаланы еске алып (зікір ету) жүру, мал-дүниеге құл болудан сақтану, үнемі дәретпен жүрудің пайдасы, уәдеге берік болу, қанағат пен рақым, ата-анаға, туған-туыстарға жақсы қарым-қатынаста болу, көп сөйлеудің кесірі, көзді жаман нәрселерге қараудан сақтау, көршіге жақсылық жасау сынды тақырыптарды қамтыған қырық хадисінен тұрады (Таджиев, 2021:639).

Ақын шығармадағы алғашқы хадисті Аллаһ елшісінің (с.а.у.) бойынан көрінетін, ғасырлар бойы күллі қоғамға маңызды да, мәнді болған тақырыптардың бірінен бастайды. Бұл – адам баласы өзіне қалаған нәрсесін өзге жанға да қалай білу:

«Лә йуъмину аһадукум хатта йуһиббу ла аһиһи мә йуһиббу ли нафсиһи».

Науаи бұл хадисті төмендегідей көркем сөзбен жеткізген:

Муъмин эрмастур, улки иймондин,
Рузғорида йүз сафа көргәй,
Таки қардашыға рауа көрмәс,
Һәр неким өзигә рауа көргәй (Науаи, 1991: 8).

Мағынасы:

«Кімде-кім өзіне қалаған нәрсесін басқа бір бауырына да қаламайынша, толық мұсылман бола алмайды».

Науаи таңдаған тағы бір хадис шүкір етуге арналған. «Мән ләм яшқуриннәсә ләм яшқуриллаһа».

Ақын бұл хадисті өлеңмен былайша жеткізді:

Улки Халиқға шуқур дер әууәл,
Шақир олмақ керәк халайықдын,
Кимки махлұқ шүқріні демәгәй,
Демәгәй дағи шүкір Халиқдын (Науаи, 1991: 9).

Мағынасы: *«Адамдарға шүкір айтпаған, Аллаға шүкір етпейді».*

Аллаһ тағала адамзатты ізгілікке бастау жолында жоғарыдағы қасиеттерді меңгере отырып, үнемі игі істерде бір-бірімізбен жарысуымыз қажеттігін бұйырған: *«...Ендеше жақсылыққа жарысыңдар...»* (Маида сүресі, 48-аят).

Қорытынды және тұжырымдар

Қорыта айтқанда, Науаидың Ислами әдебиетке қосқан үлесі мен түркі шайырлары арасында «Әрбәғин» әдеби дәстүрін жалғастырушы ретінде жасаған еңбегін бір зерттеу мақаласы көлемінде дәлелдеп беру мүмкін емес екеніне көз жеткіздік. «Пайғамбарлар мен

хакімдердің тарихы», «Мұсылмандық нұры», «Гауһарлар шоғыры» атты ислами әдебиеттің қалыптасуында ерекше маңызы бар шығармаларға талдау жасамағанның өзінде бір ғана Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадистерінен қырық хадисін өлеңмен көркем бейнелеген «Әрбәғин» кітабының өзі адамзат үлгі еткен пайғамбар жолын насихаттауда орасан зор еңбек екенін атап өткен жөн. Себебі, Науаи бұл еңбегімен өзінен кейін қаншама жандардың Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерін басқаларға жеткізуіне, әдебиетте бұл дәстүр жалғасын табуына себеп болды. Ақынның шығармашылық жолын түркі ақындары үлгі етті. Физули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси сынды шығыс классиктерінің шығармашылығын өзіне үлгі еткен қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы Науаи шығармаларын ерекше құрметтеп, ақындық жолында оны жоғары бағалады.

Әлішер Науаи ізгілікті таратуда ғылым жолын таңдаған ақын әрі теолог, әрі мемлекет қайраткері бола білді. Оның әлемге танылған «Хамса» дастаны мен қатар «Тарихи мулуки Ажам», «Холоти Саййид Хасан Ардашер», «Рисолаи Муаммо», «Мажалис ун- нафаис», «Муншәат», «Мезан ул-әвзан», «Һалати Паһлауан Мухаммад», «Насаим ул-мухаббат», «Дуани Фани», «Лисан ут-тайр», «Мухакамат ул-луғатайн», «Маһбуб ул-қулуб», «Назм ул-жауаһир», «Тарихи әнбия уә хукама», «Сираж ул-муслимин» атты шығармаларының әрқайсысы шығыстану саласының зерттеу объектісіне айналған әрі бұдан кейін де лайықты зерттеп-талдауға тиісті, адамзатты ізгілікке бастау жолында қызмет ететін шығармалар болды. Бүгінгі түркі халықтарының әдебиеттану ғылымының ажырамас бөлігіне айналған Науаи тану саласы бұдан кейін де тың зерттеулермен толығып, түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына айналарына сеніміміз мол.

Қаржыландыру: Мақала «Алтын Орда және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы» (ЖТН АР14972895) жобасы аясында жинақталған материалдар негізінде баспаға ұсынылды.

Әдебиеттер

- Әуезов М.О. (2014) Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Дәуір, б. 384.
- Бердібай Р. (1970) Гүлстанның бұлбұлдары. Алматы, б.239.
- Дербісәліев Ә. (1995) Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, б.238.
- Жәңгірұлы Ш. (2012). Назым Сияр Шәриф. Баспаға дайындаған: Қыдыр Т., Өмірзақов С. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, Т. 80/1. б.344.
- Kur'an'dan öğütler (2011), Yay.hazırlayan: Dr. Yaşar Yigit, Dr. Muhlis Akar ve b. Ankara, , 5 baskı. s. 424.
- Қыдыр Т.Е., (2016). Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) көркем бейнесінің әдебиетте жырлану ерекшеліктері. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1 (76) 241-245.
- Mehmet E. (1344). Kırk Mevzuda Kırk Hadis. İstanbul, s. 4.
- Мұхаммед ибн Мұхаммед Шымыр би Алты Бармақ (2011). «Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері» ХІҮғ. Баспаға дайындаған: Оразбай З., Тәжиев Қ. Алматы: Нұрлы әлем, б. 328.
- Науаи (1991). Әрбәғин. Әлішер Науаи өлеңмен баяндаған хадистер. Баспаға дайындаған: М.Хақимжон. Ташкент: Мехнат, б. 96.
- Сейдеханов К. (1968). Ұлы шайыр. Жұлдыз журналы. 2 (Т10). 150-155.
- Tadzhiev Kh., Khasanov N., Qydyr T. (2020) 19.yüzyıl ve 20.yüzyıl'ın başında Türkistan dinî-maarifi edebiyatında Ahmed Yesevî izleri. // Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi. – № 96,. – S.319-343 DOI: 10.34189/HBV.96.014
- Таджиев Х. (2021). Әлішер Науаи және Ислами әдебиеттегі «Әрбәғин» дәстүрі // «Науаи – заман мен халықтарды біріктірген ұлы тұлға» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумының материалдары. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 636-644.
- Ісмайылов Е. (1948). Науаи және қазақ әдебиеті. ҚазССР РА Хабаршысы. 2 (Т1). 130-135.
- Ясавий Ҳожа Аҳмад (2018). Девони хикмат. Нашрга тайёрлаганлар: Ҳаққул И., Ҳасан Н. – Тошкент: Наврӯз. – 360.
- Ясауи шәкірттерінің хикметтері (2012). Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. Баспаға дайындаған: М.Мирхалдаров, Х.Таджиев. Алматы: Нұрлы Әлем баспасы,. Т. 92/1. – 320.

References

- Avezov M.O. (2014) Aqynning ozbek onerindegi beynesi. [Image of the poet in Uzbek art] Almaty: Dauir, p. 384
- Berdibay R. (1970) Gulstanning bulbuldari [Nightingales of Gulistan]. Almaty, p. 239
- Derbisaliyev A. (1995) Qazaq dalasining juldizdari [Stars of the Kazakh steppe]. Almaty: Rauan, p. 238
- Jangiruly Sh. (2012), Nazim siyar sharif. Qazinali Ontustik koptomdigi [Kazynaly South multivolume], Qydyr T., Omirzakov S. Almaty: Nurly alem, T. 80/1. p. 344.
- Kur'an'dan öğütler (2011), [Advice from the Qur'an] Editor: Dr. Yashar Yigit, Dr. Muhlis Akar vs. Ankara, 5, p.424.
- Qydyr T., (2016). Muhammed paygambarding korkem beynesining adebiyettegi jirlanu erekshelekleri [Representations of the artistic image of Muhammad the Prophet in literature]. Herald of KazNU. Oriental Studies Series. v.1 no 76, p. 241-245.
- Mehmet E. (1344). Kırk Mevzuda Kırk Hadis [Forty Hadiths in Forty Issues] İstanbul, p.4.
- Muhammed ibn Muhammed Shymyr bi Alty Barmak (2011). Muhammedting paygambarlik daleleri XIY y. [Proofs of Muhammad's Prophethood XIY y.] Editor: Orazbay Z., Tajiyev Q. Almaty: Nurly alem, p. 328.
- Navai. (1991) Arbain. Alisher Navai olenmen bayandagan hadister [Hadith narrated by Alisher Navai in verse] Tashkent: Mehnat, p. 96
- Seydehanov K. (1968). Uli shayir [Great resin]. Zhuldyz. 2 (T10). 150-155 б.
- Tadzhiev Kh., Khasanov N., Qydyr T. (2020) 19.yüzyıl ve 20.yüzyıl'ın başında Türkistan dinî-maarifi edebiyatında Ahmed Yesevî izleri [The traces of Ahmed Yesevî in Turkestan religious-educational literature in the 19th and early 20th centuries]. Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi. – № 96,. – S.319-343 DOI: 10.34189/HBV.96.014
- Tadzhiev Kh. (2021). Alisher Navai jane Islamy adebiyettegi Arbagin dasturi. Navai – zaman men halyqtardy biriktirgen uly tulga taqyrybyndagi halyqaraliq gylmy-tajribelik forum materialdary [Alisher Navai and the Arbagin tradition in Islamic literature. Proceedings of the international scientific-practical forum on the theme "Navai – a great person who united peoples and times]. Shymkent: South Kazakhstan State Pedagogical University. p. 636-644.
- Ismayilov E. (1948). Navai jane qazaq adebiyeti. [Navai and Kazakh literature]. KazSSR RA habarshisi. 2 (T1). 130-135 б.
- Yassawi Hoja Ahmad (2018). Devoni hikmat. [Collection of wisdom] Editors: Haqqul I., Hasan N. Tashkent: Navruz. p. 360.
- Yasawi shakirtterining hikmetteri (2012). [The wisdom of Yasawi's students] Editor: Mirhaldarov M., Tadzhiev Kh. Almaty: Nurly alem, p. 320.